



№67
(2238)
Сәрсенбі
7 тамыз
2024 жыл



Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

МҰҚРАЖ- ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДА ӨНІМ ӨҢДЕУ БАҒЫТЫНА БЕТ БҰРЫС ЖАСАЛУЫ ТИІС

Бұған дейін ауданымызда кәсіпкерлік саласын дамыту бағытында сауда және ауыл шаруашылығы салалары жақсы дамыған болса, қазіргі таңда өнім өңдеу бағытына бет бұрыс жасалуда. Осыған сәйкес, мемлекет тарапынан жеңілдетілген несиелер беру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Осы орайда аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен ауыләкімдері мен жергілікті кәсіпкерлердің қатысуымен арнайы мәжіліс өтті.

Мәжіліске «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы «Микроқаржылық ұйымы» жш-нің директоры Талғат Матаев арнайы қатысып, ауыл әкімдері мен кәсіпкерлерге ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және дамыту бағытында түрлі бағдарламалар арқылы берілетін несиелер жайында түсіндірді. Сондай-ақ микроқаржылық ұйымның



жұмысы мен несиелер алушыға қойылатын талаптар жайында мағлұматтар берді.

Мұнан соң күн тәртібіндегі мәселе бойынша аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Ақтілеу Бөріқұлақов пен аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Мұратбек

Нағашыбаев ауданның кәсіпкерлік саласында атқарылып жатқан жұмыстары мен кәсіп ашамын деген азаматтарға мемлекет тарапынан беріліп жатқан қайтарымсыз гранттар мен несиелер туралы баяндады.

Жиында аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет экономикалық ахуалды арттырудың бір тетігі боп сана-

латын кәсіпкерлікті дамытуға елімізде басымдық берілгенін айтып, өз кәсібін жаңадан бастаушыларға жан-жақты қолдау көрсету керектігін баяндады.

Осы орайда мемлекеттік бағдарламалар арқылы грант, несиелер алып бірде бір кәсіп аспаған округтер тұрғындары бар екенін айтып, оларды сынға алды.

Сонымен қатар, тұрғындарға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауды түсіндіріп, кәсібін ашамын деген азаматтарға түрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы несиелер, гранттар алып өз кәсіптерін бастауға көмек көрсетуді тапсырды. Ал мемлекеттік бағдарламаларға қатысып несиелер алған азаматтардың кәсібін әрі қарай жандандырып, олардың халықтың қажеттілігіне сай өнімдерді шығаруына жұмыс істеу керектігін айтты.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША 579 ОҚУШЫ ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

Кеше ғана еліміз бойынша мемлекеттік грант конкурсына құжат тапсырып, мемлекеттік грант иегері атанған талапкерлердің есімі белгілі болды. 2023-2024 оқу жылында Қазалы ауданы бойынша 899 түлек орта білім беру ұйымын тәмамдаса, оның 800-ге жуығы Ұлттық бірыңғай тест тапсырған болатын.

Нәтижесінде 579 талапкерлер тегін білім алу мүмкіндігін жеңіп алды. Олардың 137-сі педагог мамандығы бойынша грант ұтса, 67 түлек медицина, 208 талапкер техника саласын таңдаса, 16 қазалылық ауыл шаруашылығы саласын, 151 бала басқа мамандықтар бойынша тегін білім алатын болады.

Білікті ұстаздар мен шәкірттердің еңбегінің

жемісі – мемлекеттік грант иегерлерінің үлесі биыл 83,5 пайызды құрап отыр. Былтыр мектеп бітірушілердің 80 пайызы ата-анасының арқасындағы жүкті жеңілдету алғанын ескерсек, биылғы көрсеткіш Қазалыдағы білім саласы бір орында тұралап қалмағанын тағы бір дәлелдеді.

Мемлекеттік грантпен оқуға түсе алмағандар үміттен күдер үзбегені абзал. Неге десеңіз, жылдағыдай 3 мыңға жуық талапкер гранттан бас тартуы мүмкін, олар жоғары балл жинаған талапкерлерге беріледі. Бұдан бөлек, жергілікті атқарушы органдардың яғни әкімдіктің, KazEnergy қауымдастығының, Х.А.Яссауи атындағы ХҚТУ-де білім алу үшін Түркия Республикасының 500 грантын жеңіп

алу мүмкіндігі бар. Ол аз десеңіз, жұмыс берушілердің тағайындағын, Түркістандағы Халықаралық туризм және қонақжайлылық университетінің 800 мақсатты грантына құжат тапсыруға болады. Оған Қазақстан халқының қоры бөлетін 850 грантты қосыңыз. Ректорлардың гранты тағы бар.

Ақылы оқуға түскен студенттерге сессия қортындысы бойынша бос грант алу мүмкіндігі және бар.

Бірі аптадан кейін осындағы әр үйдің үкілі үмітіндей ұл, қыздары үлкен қалаларға білім алуға аттанады. Білім ұясынан түлеп ұшқан талапкерлер еліміздің ертеңін жарқын ететін, туған жерді түлетуге қызмет ететін білім алуына тілектеспіз.

ЖАППАЙ СЕНБІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қазалы ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында жаппай сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің тапсырмасына сәйкес аудан орталығы – Әйтеке би кентінің барлық аумағындағы тиісті бөлініске сәйкес тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілді. Сондай-ақ, барлық ауылдық округтердегі мекемелер мен кәсіпорындары қызметкерлері мен тұрғындар тазалық акциясы аясында туған жердің тазалығына біркісідей атсалысты.

Аудан орталығында ұйымдастырылған сенбілік жұмыстарын аудан әкімі аралап көріп, тазалық жұмыстарына қатысты жауаптыларға бірқатар тапсырмалар берді.

Сенбілікте Әйтеке би кентіндегі теміржол вокзалы алдындағы Әйтеке би алаңы мен Т.Бөріқұлақов, Қ.Ерімбет, Қ.Пірімов, С.Мұқанов, тағы басқа орталық көшелердегі шөптер шабылып, шашылған қоқыстар тазаланды.

Тазалық жұмыстары барысында жиналған қоқыстар мен шабылған шөптер техникалар арқылы арнайы орындарға шығарылды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

БІР ӘУЛЕТТІҢ АҚСАҚАЛЫ БОЛАТЫН

Атақты теміржолшы Сембай Талқамбаевтың балалық шағы колхоздастыру науқанымен, бозбалалық шағы Ұлы Отан соғысымен тұспа –тұс келді. Бұларда қызықты дәурен болған жоқ. Жарытып тамақ ішкенге мәз, жамау киім киіп жүріп есейді. Арқа сүйер әкесі де бұның жас кезінде зұлмат жылдардың құрбаны болды. Бар пана тұтары анасы мен әкесінің інісі Дүйсенбай көкесі ғана еді.

1943 жылдың күзінде боз-бала жігіт Сембай Талқамбаев Отанын қорғауға шақырылды. Қазалы теміржол вокзалында анасы Үрбибі ғана жылап-сықтап шығарып салып, Құдайдан баласының амандығын мың мәрте тілеп, артында аңырап қала берді. Жас жігіттіңде көңілі босаған.

Бір таңданарлығы Сембайлар мінген пойыз бұрынғыдай батысқа қарай емес, шығысқа қарай бет алып жүйіткіді дейсің. Содан тоқтаған жоқ. Ұзын эшалон талай қалалар мен темір жол бекеттерін артқа тастады. Осылайша қиыр шығыстан бір-ақ шықты.

Пойыз сүйреткен эшалон №74 –ші теміржол бекетіне тоқтады. Бұйрық беріліп майданға алынғандар топырлап жерге түсті. Қазалылық бозымдар сол жерден жан-жаққа тарасты. Сембай аға бір топ құрдастарымен бірге №207 –ші артиллерия пулемет батальонының 31-ші «Даурия» бекінісіне күзетке қалдырылды. Келесі күннен бастап әскери жаттығу басталды. Соғыс қаруынан оқ атуды үйренді. Жаудан қорғану пысықталды. Таулы аймақтан окоп қазып жаттықты. Тәртіп қатал, бақылау күшті, талап жоғары, жаттығу жанкешті. Қиыр шығыстың қатал қысы мен аязы да сынақ. Шекара күзеті аса қатерлі, аңдықан жау алмастың кері. Аса сақ болмасаң, сәл қателік өмірмен қоштасуыңа жетіп жатыр. Өмірің әр сәт қыл үстінде. Жауданда, бұлардан да адам шығыны болып тұрады. Ал, командирлерінің айтуынша шешуші ұлы шайқас алда.

1945 жылдың күз айында шекара күзетіндегі әскерлер жапон самурайларына қарсы шабуылға шықты. Қанды шайқаста талай боздақтардың денесі жат жердің топырағына көмілді. Екі жақтанда шығын аз болған жоқ. Деседе Кеңес әскерлері Манчжуриялы, Хайлар бекінісін күшімен басып алды. Жапондарды шекарадан түре қуды.

Бірнеше жауынгер №207 ші батальон штабын күзетіп тұрған-ды. Жоғары жақтан шұғыл бұйрық келді. Жапон самурайлары бейбіт елді мекендегі қытайларды азаптап өлтіріп жатыр деген. Тез жасақталған құрама сапында пулеметшілер бөлімшесінің командирі Сембай Талқамбаевта бар болатын.

Рота жауынгерлері өзен жағасындағы елді мекенге аса сақтықпен бой тасалап таяу келді. Келісім бойынша Сембай аға пулеметін сүйретіп, шеткі үйге таяу келіп бекінді. Қарсыластарының белгі беруін күтіп, аса сақтықпен үйді бақылады. Автоматшылардың белгі беруі мұң екен жау бекінген үйге қарай пулеметтен оқты қарша боратты. Автоматшылардың алға жылжуына жол ашылды. Үйден сыртқа қаша жөнелген жапондықтардың екі-үшеуін пулемет оғы жер жастандырды. Автоматшыларда жаудың бірнешеуінің көзін жойып үлгерді. Жауды дүре қуып елді мекенге қайтып оралғанда самурайлардың бейбіт халықтың көзін ойып, құлағын кесіп, мауыздап өлтірген жауыздығына таңданбақса, кектенбеске шарасы қалмады.

Сол бір қатыгез жаумен аңдықан, айқасқан қатерлі де, естен кетпес жылдарда бірге болған жерлес достары: Айнақожа, Пірназар, Барлықбай, Зиядин, Жұмабай, Әзілхан, Әбдірахман, Жомарт, Сахи, тағы басқа қаруластарының бейнесі көзі тірісінде Сембай ағаның жадынан ешқашанда өшкен емес.

Майдангер жауынгер 1947 жылы соғыстан аман-есен елге оралған соң туыстарымен қауышып, мәре-сәре болғаннан кейін еңбек етуге бел байлады. Қазалы локомотив депосында паравозға от жағушы болып жұмысқа орналасты. Шындығын айтқанда паравоздың пешіне үздіксіз күрекпен көмір атып тұруға екінің бірінің шыдас бермесі анық. Жасынан еңбекқор, күш қайраты да толысқан, алып денелі қарулы азамат бейнеті ауыр жұмысқа төзімділік танытып, жауапкершілікті абыроймен еңсеріп, паравоз машинисінің де, басқаларының да көңілінен шығып, мадақтау иеленді. Сабырлы, қара жұмыстың қайыспас қаранынан келешек жақсы теміржолшы шығатынына көңілі сенген басшылар оны бес айдан кейін машинистің көмекшісі жұмысына ауыстырды. Жылдар өте Сембай аға мамандығына төселіп алған соң арнаулы курстарда оқып, білігімен білімін жетілдіруінің нәтижесінде тепловоз машинисі қызметіне жоғарылатылды. Сөйтіп ол өткен ғасырдың елу төртінші жылы Жосалы станциясына тепловоз машинисі етіп жіберіліп, екі жылдан кейін Қазалы локомотив депосына шақырылады.

Темір жол саласында ұзақ жылдар абыройлы қызмет атқарған еңбекқор жан абырой баспалдақтарына сатылап көтерілді. Өндірісте жоғары еңбек көрсеткіштеріне жетумен қатар көптеген избасар інілерін мамандығына баулып шығарды. Қашанда әділ, орнықты мінезі, табандылығы,

байыпты көзқарасы, әдептілігі, адамгершілік қасиеттерімен әріптестерінің құрметіне бөленді. Сондықтан да асыл азаматты локомотив депосының үлкен-кішісі алдынан кесіп өтпей ардақтап сыйлады. Мақтанышымыз деп мадақтады. Сембай аға да ретті жерінде әріптестеріне ағалық кеңесін айтты. Кейбіреулеріне қамқорлық та жасады. Бұра тартқандарды уәжді сөзімен тоқтата білді. Сондықтан басшыларда онымен санасты, сыйласты.

Мақтаулы тепловоз машинисі Сембай Талқамбаев ұжымның бетке ұстар азаматы болды деп айтуға әбден болады. Ол коммунист ретінде депоның қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Аудандық, облыстық партия конференцияларына бірнеше рет делегат болып қатысты.

Сембай ағаның өз мамандығының майталманы, ұжымның құрметтісі екенін мына бір оқиғадан байқауға болады. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.Қонаев іс-сапармен қасиетті Қазалы жеріне келеді. Қазақ Республикасының сол кездегі басшысы қайтар жолда Жосалы станциясына дейін жолаушылар пойызына тіркелген арнаулы вагонмен баратын болады да, бұл пойызды алып жүруге Қазалы локомотив депосының басшылығы байырғы тепловоз машинисі, қай жағынан да сенімді азамат Сембай Талқамбаевты таңдайды. Бірақ бұл жай тепловоз машинисіне ескертілмеген.

Пойыз Жосалы станциясына келіп жеткен соң сол кездегі облыстық теміржол бөлімшесінің бастығы Тұрғамбаев тепловоз машинисі Сембай Талқамбаевтың қолын қысып тұрып ризашылығын білдірген. Оның себебі машинист пойыз жолаушысының жайлы отыруына мүмкіндік туғызып, шеберлікпен жеткізген. Бұл оқиғадан сол кездің өзінде санаулы адамдар ғана хабардар еді. Осыдан –ақ абзал ағаның депо ұжымындағы беделі мен өресін бағамдауға болады.

Айтса айтқандай-ақ темір жолда ұзақ жылдар қызмет атқарған қажырлы азаматтың еңбегі ескерусіз қалған жоқ. 1971 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. Келер жылы КСРО қатынас жолдары министрінің бұйрығымен «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталды. Оның үстіне депода 42 жыл, 5 ай, 28 күн еңбек еткенде түрлі деңгейдегі теміржол саласы басшыларының 45 рет мақтау грамоталары, алғыстары, ақшалай сыйлықтарына

ие болыпты. «Отан соғысы» ордені, Жапонияны жеңгені үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдары және басқа да наградалары оның ел алдындағы мерейін үстемелей түседі.

Байырғы теміржолшының балаларына тәрбие берудегі үрдісі өзгелерге өнеге екенін атап өткеніміз орынды болар. Өйткені ол перзенттеріне өз ісімен, еңбегімен үлгі көрсетті. Әріптестері түгел балаларына ешқашан өтірік айтпады. Қашанда әділдікті ту етіп көтерді. Еңбеккер адамды құрметтеді. Жел сөзден аулақ болды. Өсек сөзді маңына жуытпады. Жақсы мен жаманды үнемі ажыратып айтып отырды. Алаяқтықты қанына жат әрекет деп айыптады. Адамгершілік қасиеттерді дәріптеп, мәдениеті жоғарыларды бағалады. Ал, зайыбы Раушан апаның балалар тәрбиесіндегі еңбегін ерекшелеп айтуға болады. Ол балаларын әкесін ардақтауға, өнегесінен үлгі алуға, қадірлеуге бала жасынан тәрбиеледі. Ошақ басындағы өнегелі өріс ұрпақтар сабақтастығымен жалғасын тапты.

Ардақты әулет басшысының ұрпақтарының бірсыпырасы әке өнегесімен темір жолшы мамандығын қалады. Үлкен ұлы Ақталап тепловоз машинисі болып еңбек етті. Үлкен қызы Алтын да тепловоз жөндеу зауытында ұзақ жылдар бас есепшінің орынбасары болып абыройлы қызмет атқарды. Балалары Мұрат зауытта өндіріс шебері болса, Болаты Алматты қаласында жоғары білімді теміржол инженері. Бекет пен Қайрат бүгінгі заман талабына орай кәсіпкерлікпен айналысады. Немерелері арасында да теміржолшы мамандығын таңдағандары бар. Күйеу баласы Бақыттың теміржол саласында қызмет атқарғанына ондаған жылдардың жүзі болды.

Қазалының атақты теміржолшысы Сембай Талқамбаев ағамыз балалары мен немерелерінің қызығына кенеліп, 2008 жылы 83 жасында дүниеден озды. Зайыбы Раушан апамыз бертінге дейін перзенттерінен тараған ұрпақтарының ортасында бақытты ғұмыр кешіп, қуаныштарына ортақтасып, өткен жылы ғана 90 жасқа қараған шағында жұбайының жанына орын тепті.

Иә, бүкіл әулет есемін ардақ тұтқан абыз ақсақал, соғыс және еңбек ардагері Сембай аға мен зайыбы ардақты әже Раушанның балалары мен немерелері бүгінде әулет ошағының отын тік ұшырып, маздатып отыр. Олар абыройлы әкенің, атаның, әженің есімін қадірлеп, қастерлеп, олардың өнегесіне сай азамат болуды өздерінің мақсаттарына айналдырған.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»

ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЛАҢ АБАТТАНДЫРЫЛУДА

Биыл тарихы тереңнен сыр шертетін Қазалы қаласында көркейту, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары қарқынды жүруде. Қаладағы Ерлепесов, Мергенбаев, Уалиханов, Рахашұлы, Әйтеке би, тағы басқа 10 көшеге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, орталық алаң абаттандырылуда. Тазалық жұмыстары күнделікті жүргізіліп келеді.

Абааттандырылып жатқан орталық алаңдағы жұмыстарды аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет арнайы барып көріп, қала әкімі

мен мердігер мекеме басшысына бірқатар жұмыстарды міндеттеді.

Алдағы уақытта орталық алаңға балалар ойын алаңы мен фонтан салынып, алаңдағы сахна, ескерткіштер қайта жаңартылмақ. Сонымен қатар, алаңға жаңадан брусчаткалар төселуде.

Айта кетейік, Қазалы қаласындағы орталық алаңды абаттандыру жұмыстарын «Сарым Құрылыс» ЖШС жүргізуде.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС–БАСТЫ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық (латын тілінен аударғанда, бұзу деген мағынаны білдіреді) – лауазымды тұлғаның өзінің биліктік өкілеттіліктерін, өзіне жүктелген құқықты жеке пайдасы үшін пайдаланып, бекітілген ережеге қарсы әрекет етуінен туындайды.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке орай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де бар. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық дамуды, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму

болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Яғни, жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Бұл дерттің қозуына қолайлы жағдай туындауына жол бермеу керек. Ол үшін бұл дертке қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Ғ.САРЫҚҰЛОВ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

ЖАС ШАХМАТШЫ



Берекет Шоқан Сәкенұлы №266 мектеп-лицейдің 1 «Г» сыныбын үздік бітірген. Кішкентайынан спорттық ойындарға қызығушылығы басым болған. Баланың бойындағы қабілеті мен шахматқа деген сүйіспеншілігін байқаған атасы мен әкесі Шоқанды ауданымыздағы шахмат үйірмесіне апаруға шешім қабылдайды. Шоқан Шүренов Әбдірейім ағайының қарамағында шахмат ойынына жаттығады. Одан бөлек Шоқан онлайн түрде Серікбай Шыңғысхан ағайынан да тәлім алуда. Ол 5 жасынан бастап аудандық жарыстарға қатысып, қарсыластарынан жасы әлдеқайда кіші болса да жұлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, 2014-2016 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы жарыста жеңімпаз, 2015-2016 жылы туған жасөспірімдер арасындағы аудандық жеке-лей біріншілігінде жұлдегер болды.

Жас шахматшы разрядтық көрсеткішке жету үшін онлайн түрде Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі балалармен бақ сынасты. Алматыдағы «Abchess school»

мектебінің «Бастапқы білім» онлайн тапсырмаларды шешу олимпиадасында, «Тактика 1» теориялық курсы менгеру тақырыбында өткен онлайн тапсырмаларды шешу олимпиадасында жұлдегер атанып, 4 разрядты қорғағандығы туралы анықтамасы бар.

Шоқан жақында ғана халықаралық гроссмейстер, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Жансая Әбдімәліктің мектебіндегі оқушылармен 3 разрядты қорғау квалификациялық турниріне қатысып, қорғап шықты. Одан бөлек, «Фаворит» мектебінің ұйымдастыруымен өткізілген 3 разрядты қорғау квалификациялық турнирінде жеңіске жетті. Осы «Фаворит» мектебінің ұйымдастыруымен өткізілген «Kinder chess league» турнирінде 3 орын алып, қаржылай сыйлыққа ие болды.

Шоқан-ұстаздар отбасында дүниеге келген. Атасы Құмарбаев Берекет пен әжесі Айымбетова Марал «ҚР білім беру ісінің үздіктері». Әкесі Құмарбаев Сәкен мен анасы Аманжолова Марина №266 мектеп-лицейде ұстаз.

Әбдірейім ШҮРЕНОВ

«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты мен күні	Қабылдау орны, мекен-жайы	Байланыс телефоны
Алиев Жәнібек Алмасұлы	Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы	Сәрсенбі, жұма күндері (Сағат 15.00 ден - 18.00-ге дейін)	Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхаммедұлы көшесі, №130	79-2-80 (6920)

КӘСІБИ АУРУЛАР: СЕБЕПТЕРІ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Кәсіптік аурулар-зиянды өндірістік фактордың әсерінен туындайды. Кәсіби ауруларға тек кәсіби қызмет жағдайында кездесетін немесе белгілі бір кәсіпте жалпы халық арасында немесе басқа жұмыс топтарында жиі кездесетін аурулар жатады. Кәсіптік ауру-сақтандырылушының оған зиянды өндірістік фактордың әсер етуінің нәтижесі болып табылатын және оның кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айрылуына және (немесе) оның өліміне әкеп соққан созылмалы немесе қатты ауруы. Кәсіптік аурулар-кәсіптік аурулардың арнайы тізіміне енгізілген зиянды өндірістік факторлар болып табылатын аурулар. Әсерден туындаған кәсіби аурулардың Жеті тобы бар: тыныс алу, қан жүйесі, жүйке жүйесі, гепатобилиарлық жүйе, бүйрек және зәр шығару жолдары басым зақымданған химиялық факторлардың әсерінен туындаған аурулар (интоксикация); өнеркәсіптік аэрозольдардың әсерінен туындаған аурулар; физикалық факторлардың әсерінен туындаған аурулар; жеке мүшелер мен жүйелердің шамадан тыс жүктелуіне және шамадан тыс жүктелуіне байланысты аурулар; биологиялық факторлардың әсерінен туындаған аурулар; аллергиялық аурулар; ісіктер. Бірқатар елдерде қызметкердің өтемақы немесе жәрдемақы алуға құқығы бар кәсіби аурулардың тізімі бар. Мұндай тізімге енгізілмеген аурулар үшін өтемақы қарастырылмаған. Сондықтан, ресми тізімге енгізілмеген кәсіптік ауруларды сипаттау үшін "кәсіби түрде



анықталған аурулар"термині қолданылады. Көптеген елдердің заңнамасында белгілі бір ауру жұмысшының жұмыс ортасында болуына байланысты, ал жұмыс берушінің немесе сақтандырушының міндеті аурудың басқа себеппен пайда болғанын дәлелдеу деген болжам бар. Кәсіби аурудың негізгі себептері: технологиялық процестердің жетілмегендігі; Еңбек құралдарының құрылымдық кемшіліктері; жұмыс орындарының жетілмегендігі; -сантехниканың жетілмегендігі; -жеке қорғаныс құралдарының қолданылмауы, болмауы немесе жетілмегендігі; -қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария ережелерін бұзу; -инфекциялық агентпен кәсіби байланыс; Жедел немесе созылмалы кәсіптік аурудың диагнозын қою бірқатар заңмен бекітілген процедураларды орындаумен қатар жүреді. Созылмалы кәсіптік аурудың соңғы диагнозы кәсіптік патоло-

гия орталығында белгіленеді. Кәсіби аурулардың ең көп таралған түрлері:- Физикалық факторлардың әсерінен болатын аурулар: сенсорлық-есту мүкістігі-шудың әсерінен, діріл ауруы-жергілікті және жалпы дірілдің әсерінен; - Жеке мүшелер мен жүйелердің шамадан тыс жүктелуіне және асқын кернеуіне байланысты аурулар: әртүрлі оқшаулау радикулпатиялары, моно-полиневропатиялар, периартроздар, остеоартрозды деформациялайтын аурулар; - Өнер кәсіптік аэрозольдардың әсерімен байланысты аурулар: пневмокониоз (силикоз), созылмалы шаң бронхиті, созылмалы обструктивті (астматикалық) бронхит. - Құлақпен өзара әрекеттесудің теріс факторларымен байланысты аурулар (жүйке ауруы.Өндірістік жарақаттар кәсіби ауруларға жатпайды. Кәсіби аурулардың алдын алу:- Қызметкерлердің денсаулығын кәсіби аурулардың дамуынан қорғаудың ең

жақсы тәсілі-олардың алдын-алу. Зиянды өндірістік факторлардың немесе шамадан тыс дозаның шамадан тыс әсерін болдырмау үшін тиімділікте әртүрлі әдістер бар. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және авариялық жағдайларға жол бермеу; Тиімді жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын қолдану; Қызметкерлердің еңбек жағдайлары мен денсаулығына мониторинг жүргізу; Жұмыс істеушілерге зақымдаушы агенттің әсерін азайту жөніндегі ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-гигиеналық және әкімшілік шаралар; Кәсіби іріктеу және кәсіби жарамдылығына сараптама жүргізу; Тәуекелі жоғары топтағы адамдарды санаторий-курорттық және эндоэкологиялық оңалтуды жүргізу; Жұмыскерлерді алдын ала және мерзімдік медициналық қарап-тексеруден (зерттеп-қараудан) өткізу; Өндірісті механикаландыру және автоматтандыру жөніндегі технологиялық шараларды қолдану; Ағзаны шынықтыру мен оның реактивтілігін арттыруға бағытталған жалпы сауықтыру, жалпы күшейту іс-шараларын жүргізу; Жеке гигиена талаптарын сақтау; Жұмыскерлерді сүтпен және емдік-профилактикалық тағаммен қамтамасыз ету; Қызметкерлерге санитарлық-тұрмыстық және емдеу-профилактикалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

Б.ЖАМАНОВ,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
жетекші маманы

БАЛАЛАРДЫ ӨРТ ҚАУІПІНЕН САҚТАЙЫҚ

«Өрт – тілсіз жау» деп халқымыз тегін айтпаған. Отты пайдаланған кездегі салақтық, ұқыпсыздылықтың нәтижесінде кейбір өкінішті, орны толмас қайғылы жағдайлар орын алып жатады. Мұндай кенеттен кездесетін өкінішті жағдайларды болдырмау үшін отты дұрыс, тиімді, қауіпсіздік жақтарын ескере отырып пайдаланған жөн.

Балалардың отпен ойнауы да көбінесе өртке ұшыратады. Жасөспірімдердің отпен айналысуы ата-аналардың балаларына кез келген нәрсемен ойнауына жол беріп, тиым салмағандықтан туады. Арамызда балаларын үйге кілтеп, сіріңкелерді жасырмай, электр қуатымен жұмыс істейтін құралдарды ток көзінен айырмай кететін

адамдарда жоқ емес. Ал мұның бәріне үйде қалған сәбилер назар аударарды, осының өзі-ақ өртке ұрындырады. Сол себепті отпен ойнау қандай жағдайға ұшырататыны жөнінде балаларға айтып, түсіндіріп отыру ата-ананың міндеті. Кішкентай балаларды үйде жалғыз қалдыруға, оларға дүкеннен темекі, сіріңке алдыруға, жанып

жатқан пешті, керогазды, газ плиталарын қарауға жұмсауға тиым салынады. Қорыта айтарымыз – балаларды сақтау әрбір ата-ананың абыройлы борышы.

Е.ЖӘКЕЙ,
Қазалы ауданының
ТЖ бөлімінің аға
инженері,
азаматтық қорғау
капитаны

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.